

2006
5755 ₪

балалар әдебиеті

ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕРТЕГІЛЕРІ




N 2006/5755





Әлең мемлекеттеги балалар



9.65
ББК 840

9.65
ББК 840

КИРИ
1. ЕСКЕ
2. КИРИ
3. КИРИ
4. КИРИ
5. КИРИ
6. КИРИ
7. КИРИ
8. КИРИ
9. КИРИ

6.
ББК
840





Алматы: «Балалар әдебиеті» АО
журналының жаңы Ақадемиялық шабактың шеңберінде
жарыс мәденияттің мәдений манасынан «Мұнайсыз» мұнайшылым
дүниө пылайырын анықтайды «Дараңын» шеңбері.

Алғыс

Мондай өзіншілдік

ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЕРТЕГІЛЕРІ

— Ой, ал мың бир күн...
Ол кіттіңде сүрек келділік
смынгы нақтызуады, бұтта же
екендігінде көзар береді. Ти
ерімдегі көрініс де тоңаңыз.

— Ой, ал мың бир күн...
Ол кіттіңде сүрек келділік
смынгы нақтызуады, бұтта же
екендігінде көзар береді. Ти
ерімдегі көрініс де тоңаңыз.
— Ой, ал мың бир күн...
Ол кіттіңде сүрек келділік
смынгы нақтызуады, бұтта же
екендігінде көзар береді. Ти
ерімдегі көрініс де тоңаңыз.

(0) 211

2005 жылдың 2-шінде
«Балалар әдебиеті» АО
журналының шабактың
жарыс мәденияттің манасынан

Алматы
«Балауса» баспасы
2005

ISBN 978-65-90-1111-0-1

65-90-1111-0-1

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрагат комитетінің «Әлеуметтік маңызды өдебиет түрлерін өзірлеу және шығару» бағдарламасы бойынша шыгарылып отыр.

Ақылдастар алқасы:

*Есемжан Қосубаев
Жанаханов Қайсар
Қадыр Мырза Әли – төраға
Әлібек Асқаров
Райхан Мәженқызы
Абылайхан Құлбаев
Әбілмәжін Жұмабаев
Оразақын Асқар
Сұлтан Қалиев*

Ә 52 Әлем халықтарының ертегілері. Құрастырган: О.Асқар. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2005. – 512 бет.

Бұл әлем балалар өдебиетіне арналған 50 томдықтың бірі.

ISBN 9965-672-40-7

4804000000
Ә —————
411(05)-05

ББК 84(0)

ISBN 9965-672-40-7

© «Балауса» баспасы, 2005
© Құрастырушы О. Асқар
© Дизайнер Ж.Болатаев

АЛҒЫСӨЗ

Ертегі деген атаудың өзінен ен алдымен бір асыл тектілік ангарылады. Ақсақалды атамызды, ақ жауалықты өжемізді еске салады. Балалық бал дәурен көз алдымызды көлбендей қала-ды. Өмірде сирек кездесетін бекзат аға-женғелер, жаны жай-сан жақсы тең-тұстар жадымызға келеді. Ата-әжелер ен алды-мен ертек айтып беретіндігімен еске түссе, аға-женге, тең-тұстар ақ жарқын мінезімен, қайрымды-мейірімділігімен, өнерлі улгі-өнегесімен еске түседі. Соңғылары жайында:

— Пәленшекең қандай кісі? — деген сұраққа, оны жақсы көретін таныс-біліс:

— Ой, ол кісі бір ертегі гой, — деп жауап береді. Бұл арада ол кісінің де ертек айттындығынан емес, жалпы өзінің тұмы-сында иманжүзді, ізгі жанды, естен кетпес елеулі тұлға екендігінен хабар береді. Тіпті алыстағы бір алдыңғы қатарлы өркениетті, жері де, елі де бай таңғажайып тамаша елде болып келген өріптесінчен:

— Барған жерін қандай ел екен? — деген сұрагына ол «Ертектегідей» деп қыска да, нұсқа жауап берсе, сен толық қанағаттанғандай боласың. Ол елде кез келген кісі көздеген арманына жететін, әділдік салтанат құратын, бай да бакытты ел екенінен толық мәлімет алғандай боласын.

Бұл: «Ертекте ешқандай қыншылық, кедейлік, әділет-сіздік болмайды» деген сөз емес. Болғанда қандай?! Ертекте өмірдегінің өкесіндей қындық-кедергілер кездеседі. Бірақ түптін түбінде қандайын болса да адамдар женеді. Нениң болса да нәтижесі қоңылдегідей болады. Ертекте кімге тіпті неге болса да жасаган жақсылығың еселене қайтады. Онда жануар-лар да, жәндіктер де, ағаш та, тас та әділдікке көмекке келеді. Қажет болса адамша тіл де қатады.

Кейде өмірдегі бір жағымды жағдайлды сүйсіне айта баста-ған жолдасына, тындаушы:

— Ондай ертегінді айтпай-ақ қой, — деп қарсыласады.

Сырттай қарағанда ертекті менсінбегендей болып көрінгенімен, теренірек үнілсөң «Ондай жақсылықтар ертекте болғанымен өмірде болмайды» деп өмірді төмен санап, ертекті жоғары қойып тұрганын үғыну қыын емес. Сөйтіп ертекке шаң жүқпайды. Өйткені ертек халықтың үміт-тілегінен, аңсар-арманынан, үшқыр қиялышан туған. Ол өнер алды – қызыл тіл деп аталатын көркем әдебиет дейтін рухани өлемнің қайнар бұлағының бірі. Бірі дейтініміз біз сөбі болып жарық дүниеге келгенде ең алғаш естітініміз анамыздың бесік жыры. Ес біле бастиғанымызда енді бесік жырына ертек жалғасады. Оны өкешешемізге қоса көбінше ата-әжелеріміз айтады.

Ертеде кітап, радио, теледидар жоқ кезде ертек тек ауызша гана айтылатын. Оны балалар гана емес, үлкендер де тындаитын. Ертекке балалардың үйір болатыны соңшалық тіпті кешке жақын ертек айтып бермесөң, үйықтамай қоятын. Бертін келе ертек жинаушылар шықты. Ертек кітапқа енетін болды. Мұлтұфилімдерге айналып, кино экранынан, теледидарлардан көрінетін болды.

Әр ел өз халқының гана ертектерімен шектеліп қалмай аударма арқылы өзге үлт, халықтардың да ертегілерімен танысадын жағдайға жетті. Әр ел ертегілерінің бір-бірінен айырмасын, өзара үқастықтарын, ерекшеліктерін байқауга да, зерттеуге де мүмкіндік туды. Бұрын ертектер фольклор ретінде тек авторсыз тек халық әдебиеті болып ауызша гана айтылатын болса, бертін келе әдебиеті дамыған алдыңғы қатарлы елдерде ертек шыгаралтын жазушылар пайда бола бастады. Қазақстанда жасамыс та, жас та бірен-саран ертекші жазушылар енді-енді шығып келеді.

«Балауса» баспасы әлем балалар әдебиетінің 50 томдығын «Қазақ ертегілерінен» бастаған. Одан кейінгі томдарының бірінде атақты чех ертекшісі Божена Немцованың «Алтын» және «Күміс» деген екі кітабын бір томдыққа біріктіріп, қазақ тілінде шығардық. Данияның өйгілі ертекшісі Ханс Андерсенның ертегілерін қазақ тілінде жеке бір том етіп және жарық көрсеттік. Енді міне, «Әлем халықтарының ертегілерін» бір том етіп құрастырып, назарларыныңға ұсынып отырмыз.

Сонымен ертек дегеніміз ойдан шыгарылған сиқырлы, қызықты, тұрмыстық сипаты бар оқығаларды ауызша әнгімелуе.

Ал, балалар, өз еліміздің де, өзге халықтардың да ертектерін оқындар, өзара салыстырындар. Оқығандарынды еске сақтап бір-біріңе ауызша айтындар. Реті келіп жатса өздерің де ертек ойлап шыгарындар! Тілдерің жаттығады, ойларың кенейеді. Оның пайдасы шаш-етектен.

Оразақын АСҚАР

АЗИЯ

**Халықтарының
ертегілері**

I бөлім.

Аударған

Күләнда Ұзақбаева

II бөлім.

Аударған

Сүйіндік Жанысбаев





Чыңгір ертегілері

АЛТЫН БАЛЫҚ

Баяғыда бір үлкен өзеннің жағасында, мыжырай-
ған жаман күркеде шал мен кемпір өмір сүріпті.
Өздері тақыр кедей екен: шал күнде өзенге барып, балық
аулап әкеліп, сорпалап немесе отқа қақтап пісіреді де,
соны талғажау етіп өмір сүріп жатады. Шалдың қармағына
ештеңе ілінбекен күндері мұлде ашқарын отырады екен.

Сол өзенде су өміршісі, алтын дидарлы Жалал Кама-
ни деген құдай мекендейді. Бір күні шал өзеннен ау-
тарта, ау зілдей ауыр екен, шал оны әрен дегенде өзен
жағасына тартып шығарады. Жалтылдаған алтыннан
көзі қарығып, жұма қояды: көзін ашып қараса, ау ішінде
жалт-жұлт еткен дәл бір саф алтыннан құйылғандай
үлкен балық жатыр екен. Қанатын желбіретіп, мұртын
жыбырлатып, көзі бажырайып, шалға тесіле қарайды.
Алтын балық қарт балықшыға:

– Өлтіре көрме мені, қария, үйіңе де апарма. Жөніме
қоя беріп, керегінді сұрай бер, – дейді.

– Не сұраймын мен сенен, ғажайып балық? – дейді
шал. – Басымда жөнді баспанам, ішер ас, киер киімім де
жоқ. Егер ракымын түсіп, осының бәрін маған сыйласан,
саған өле-өлгенше риза болармын.

Балық шалдың сөзін тыңдал болып, құйрығын шолп
еткізіп:

– Ештеңеге алаңдамай жүре бер, қария. Үйің де, та-
магың да, киімін де болады, – дейді.

Шал балықты өзенге қоя береді де, үйіне қарай
жөнеледі. Үйіне келіп, баспанасын танымай қалады: жа-
ман күркесінің орнында бөренеден кылған ғажап үй
түр, ішінде қонақтарға арналған орындықтар, табақ-та-

бак ақ күріш, мейрамдарда киетін сан алуан сөнді киім жайнап тұр. Бұны көріп, шал кемпіріне:

— Көрдің бе, кемпірім, қандай олжага кенелгенімізді. Бүтін ауыма түсken алтын балыққа алғысының айт. Өзін босатып жібергенім үшін осылай жарылқай салды. Жоқшылықтың азабы осымен бітті, – дейді.

Шалының сөзін ақырына дейін тындаған кемпір, қатты күрсініп, басын шайқап:

— Әй, шалым-ай! Біраз жасқа жетсең де, ақылың жана тұған нәрестенің ақылынан аспапты. Болымсыз норсеге мәзсің. Күрішті жеп, киімді тоздырамыз, әрі қарай не істемекпіз? Қайта бар да, балықтан патшаның сарайындаі әдемі, кең үй, бес қызыметші сұра. Іші алтынга толы болсын, күріш пен қарамыққа қамбалар толсын, есік алдында жаңа арбалар мен соқалар, қорада ондаған өгіз тұрсын... Сосын сені староста етсін, маңайдағы елдің бәрі бізді сыйлап, бағынатын болсын. Бар, осының бәрін сұрап алмайынша үйге қайтпа! – дейді.

Шалдың мұлдем барғысы жоқ-ты, бірақ кемпірімен де жанжалдақсызы келмейді. Өзеннің жағасына барып отырып, балықты шақырады:

— Шықшы бері, гажайып балығым! Жағаға жүзіп келиші, алтын балығым!

Біраздан соң су толқынданып, канатын желбіретіп, мұртын жыбырлатып, бажырайган көзімен шалға тесіле карал, алтын балық жағаға жүзіп келеді.

— Тындашы, гажайып балығым, менің сенен сұраганым аз көрінеді. Кемпірім разы болмай жатыр. Ол пақыр мені құллі аймаққа староста етсін. Кең сарайдай үйіміз, бее қызыметші, ондаған жегін өгіз, қамба толған күріш, түрлі алтын өшекей, мол акша болсын дейді...

Бәрін тындал болған балық, құйрығын бұлған еткізіп:

— Жарайды, солай-ак болсын! – деп қайтадан өзенге сұнгіп кетеді.

Шал үйіне қайтады. Қараса, айнала жол жағалай данырыларын согып, сырнайларын тартып, қолдарына қымбат сыйынқтарымен гүлдерін ұстаган жұрт, біреуді күткендей орындарынан қозгалмай тұр. Шалдың келе жатқанын көре сала, бәрі алдына келіп, тізелерін бүгіп, тағзым етіп:

— Староста, староста! Міне, біздің сүйікті старостамыз!.. — деп айқайға басады.

Содан қайта данғыралар согылып, сырнайлар тартылып, шаруалар шалды әдемі зембілге отырығызып, иықтарына салып көтеріп, үйіне алып келеді. Шалдын үйі бұрынғы үй емес — кең сарай, үй іші толған өзі балықтан сұраған жиһаздар.

Осыдан былай кемпір-шал уайым-қайғысыз, бақытты өмір сүреді, бәрі де жеткілікті сияқты, бірақ кемпір зарлауын қоймайды. Бір ай өтпей-ақ кемпір тағы да шалының мазасын алады...

— Осы да құрмет-сый болып па? Староста деген кімнің шікірөсі? Жоқ, болмайды, сен балыққа қайта барып, тағы да жақсылап сұрауың керек: сені құллі өлемге махараджа¹ етсін. Бар, қартым, жалынып сұра, әйтпесе кемпірім күн көрсетпейтін болды де...

— Бармаймын, — дейді шал. — Аш-жалаңаш тұрғанымызды қалайша тез ұмыттың? Тамақ, жана үй, киім беріп жарылқаған осы балық емес пе! Бізді осындаі мол байлыққа кенелтіп, мені аймақтағы бірінші адам еткені саған аз ба... Бұдан артық не керек саған?

Шал қанша керісіп-таласса да, қарсыласса да, кемпірі бой бермеді: бар да бар деп болмайды. Бишара шал қайтсін, тағы да өзенге баруына тұра келеді. Өзеннін жағасына отырып алып, балықты шақыра бастайды:

— Жұзіп шықшы, гажайып балыгым! Жағаға жақындашы, алтын балығым!

Бір рет шақырды балықты, екінші, үшінші рет шақырды... Бірақ су бетіне ешкім шықлады, бейне өзенде ешқандай алтын балық болмагандай. Шал көпке дейін тосып отырды, содан соң бір күрсінді де, үйіне қарай ілбіді. Қараса, балық берген баяғы сөнді үйінің орнында бұрынғы жаман күркесі тұр, күркенің ішінде кемпірі отыр. Кемпірдің үстінде бұрынғы ескі-күсқы киімі, шашы жалбырап, көзі былшықтанып, қайғырып жылап отыр.

Шал оған қарап тұрып:

— Әй, кемпір, кемпір... Айтпадым ба мен саған: көп сұраймын деп, аздан айрыласың деп. Кемпірім, колда

¹ М а х а р а д ж а – ұлы өмірші.

барыңды қанагат қыл демедім бе? Сен мені тындарың ба, сол айтқаным келді емес пе! Енді несіне жылап отырыңың? – дейді.

ҚАТПА

Ше асқа, кисе киімге жарымаган бір адам тұрмыс тауқыметінен жүдеп, қырым еті жоқ қатпага айналыпты. Бір күні ол үй-күйін, бала-шағасын тастап, дүние кезіп кетіпті. Жол-жөнекей қалың орманнан өтуі керек-ті. Онда жолбарыс, барыс сияқты небір жыртқыш аңдар жүретін. Қатпа өзінің тапқырлығына сеніп, орман ішіне жалғыз енеді.

Ол жан-жагын байқап, андардан сактанып жүреді. Орманның қалың жеріне кіре бергенде гүрілдеген жан түршігерлік дауыс естіледі, бірақ нендей аң екені түсініксіз еді. Жолбарыс пен барыстың даусына тіпті ұксамайды. Қатпа қатты корқып кетіп, басына шығатын биік ағаш іздейді. Кенет карсы келе жатқан дәу құбыжықты көреді. Таудай ұлken, күйедей қара. Шашы тікірейген. Шекесінде мүйізі бар, аузы даладай, тістері ойдак-сойдақ, тырнактары өткір қылыштай. Оның үстіне өзі құж-құж етеді.

Қатпа мұндаи құбыжықты көргенде басы айналып, денесі түршігіп кетеді. Осы кезде ақылды адамдардың басына іс түссе, ақылынан адаспа деген кенесі ойна оралады. Дереу есін жиып:

– Токта, сайтан! Қозғалма! Әйтпесе өртеймін! – деп айқайлайды.

Дәу карқылдалап күледі. Оның күлкісінен бүкіл орман шулап коя береді. Қорқыныштан ағаштар шайқалады. Құстар да балапандарын бауырына басып, тым-тырыс бола қалады. Жолбарыс, барыс, қасқырлар бет-бетімен кашады. Ал қатпа орнынан тырп етпейді.

– Сактан, қара сайтан! – деп айқай салады ол. – Сен менін кім екенімді білмейсін гой, әйтпесе бұл жерден икім-жылас жогалар едін. Міне, қарашы! Менін қалтамдағы қорап ішінде сенен де зор дәу отыр.

Ол сәйдеп қалтасынан айнасын алып, дәуге көрсетеді. Дәудің көзі қанталап, онан сайын қорқынышты бола түседі. Ол өзін айнадан көріп, қорқып кетеді. Егер мынадай алышты кішкентай қорапқа тығып қойса, ол шынымен тенденсіз күшті екен деп ойлап, дірілдеп-калтырап:

— Мырза! Қоя бер мені. Бір қажетіне жаармын, — дейді.

Қатпа құліп:

— Жіберуін жіберейін, тек есінде болсын: мен шакырган кезде келетін бол, — дейді.

Дәу келіседі. Ол шашының бір талын қатпаға беріп:

— Мен қажет болсам, бір тал шашымды тұтатарсын, — депті.

Осыны айтып қоштасып, күркіреп жөніне кетеді. Ал Қатпа болса, қуана-қуана орман ішімен өрі қарай жөнен береді.

Қатпа бір қалаға жетіп, сонда тұрып қалады. Бір күні сол қаланың патшасына бір күшті палуан келіп:

— Сенің палуандарыңмен күш сынасқым келеді, — дейді.

Патша өз палуандарын бірінен соң бірін күш сынасуға шығарды, бірақ әлгі палуанмен ешкім тенденсе алмайды. Сонда патша өз игілігіндегі елді мекендерге жарсалындар деп бүйірады:

— Кімде-кім жат елдін палуанын женсе, сол мол сыйлық алады!

Қаншама жар салса да, патшалықтан ешкім шыға қоймады. Осы кезде патшага Қатпа келіп:

— Палуанмен күресуге мен шығам, — дейді.

Патша оның түріне қарап, мынаның дәмесін қара деп қуліп жіберді. Ал Қатпа күресемін деп қояр емес.

Патша жат елдік палуанды шақырып:

— Мына адаммен күреске түсесің бе? — деп сұрайды.

Палуан Қатпаға менсінбей қарайды. Ал ол болса:

— Мен сені бірден-ақ алыш соғамын, — дейді.

Ақыры палуан шыдай алмай:

— Жарайды, кел, күресейік, — дейді.

Палуандарға күресетін жер дайындалады. Халық қаптап кетеді. Осы кезде Қатпа бір тал шашты алып, тұтата қойса, дәу келе қалады. Қатпа оған:

– Бүгін палуанмен күресуім керек, мен онымен жағаласқан кезде, оны жығылатындей етсең болады, – дейді.

– Қам жеме, айтқанынды бұлжытпай орындаймын, – дейді дәү.

Екі палуан ортага шыгады. Қатпа мен палуанға қарап, халық күле бастайды. Палуан катуланып, Қатпага үмтылады. Бірақ дәу оны Қатпага жеткізбей жерге сұлата салады. Жұрт тан-тамаша болады. Патша Қатпага сыйлық беріп, палуандарының бастығы етіп сайлайды. Сол кезден бастап ол қызық дәурен сүре бастайды.

Содан біраз уақыт өтеді. Қалаға жақын орманда қаһарлы жолбарыс пайда болып, өткен-кеткендердің бөрін өлтіре береді. Қорықканнан жұрт ол жакпен журуді де қояды. Сонда патша халықты жиып алып:

– Кімде-кім жолбарысты өлтірсе, немесе тірідей маған алып кеп берсе, сол адамға мол сыйлық беремін, – дейді.

Сонда палуандар өз бастығын көрсетіп:

– Тек осының гана қолынан келеді, – дейді.

Патша Қатпаны шақырып алып, жолбарысты өлтір деп бұйрық береді.

Ол оған:

– Мәртебелім! Сенін қаһарына кім қарсы тұрап, жолбарыстың өзі-ак алдыңа келеді, – дейді.

Патша оның сөзіне сенбейді. Ал Қатпа орманға келіп, алтынты шакырып алады да, жолбарысты ұстаян керек дейді. Айтты болды. Сол сәтте жолбарыс патшаның алдына келеді. Құйрығын қысып келе жатқан жолбарысты көрген патша, одан бетер таңданады. Қатпага мол сыйлық беріп, өзінің бас кенесшісі етіп тағайындаиды.

Қатпа кенесші болғаннан кейін патшага:

– Өскерді тарату керек. Мен саған қызмет етіп жүргенде олардың қажеті бола коймас, – дейді.

Әуелі патша оның сөзіне құлақ аса коймайды. Содан соң осердің біразын алып қалып, қалғандарын тарқатып жібереді.

Патшаның әскерін таратып жібергенін білген дүниандары қуанып, оған қарсы соғыс ашпакшы болып, коркытады. Халық әскеріміз жок кой, қалай соғыспакпаз деп дүрлігісіп қалады. Әскерлердің біразы қалады,

біразы далада жүр. Патша тағы да Қатпаны шақыртып алып:

— Ал енді қалай соғысамыз? — дейді.

Қатпа сонда:

— Қам жеме, махараджа. Ертең жауға қарсы өзім-ак шығамын. Қөрерсің, жау өскерлері тым-тырақай кашатын болады, — дейді.

Патша оған сенбейді. Ішінен оны қатты балағаттайды. Бірақ болған іске не шара.

Келесі күні таңертең Қатпа шашты тұтатса, жәү жетіп келеді. Қатпа оған болған істі баяндап:

— Жауды айдал шығып, патшасын тұтқынға алудын айласын тап, — деп өтінеді.

Дәу оған бір уыс жасымық беріп:

— Қорықпай соғысқа бар. Жау өскерлері жақындал келген кезде, мына жасымықты соларға қарай шашып жібер, қалғанын өзім істеймін, — дейді.

Қатпа соғысуға кетеді. Зәресі үшқан патша оған батасын беріп, аттандырады. Жау патшасы өскерлеріне қарсы жалғыз адамның келе жатқанын көріп, ан-тан болады. Ол жауынгерлеріне ана арсызды тірідей тұтқындандар деп бұйырады.

Жау өскерлері Қатпаға жақындал қалғанда, ол жасымықты шашып жібереді де, жау өскері түк көрмей тырмаланып қалады. Олар өзара кескілесіп, шашшәлекейлері шығады. Ал Қатпа жаудын патшасын колға түсіріп, аяқ-қолын кісендереп, қалага алып келеді. Патша оған бұрынғысынан да көп сыйлық беріп, женілген елдің тағына отыргызады.

УШ ХАНЗАДА

Баяғы заманда бір патша өмір сүрген екен. Оның өнері бірінен бірі асқан үш ұлы болыпты. Олар өжет те, ақылды, әрі парасатты екен. Патша картайған кезде патшалығын тастанап, қалған өмірін сопылықпен өткізбек болады. Патша балаларымның қайсысын танка отыргызсам екен деп ойланған бастайды. Қанша ойланса

да, таққа қайсысын отыргызуды білмейді: себебі үшеуі де таққа лайықты еді.

Содан соң патша ақылшыларын жиып алып ақылдасады.

– Патшалығымда тұратындардың бәрі жақсы өмір сүретіні өздеріңзге белгілі. Мен мемлекет ісінен қол үзбекшімін, бірақ үш баламның қайсысын таққа отыргызуды және қайсысының мен сияқты халық қамын ойлайтынын білмей отырмын. Сендерге беретін бұйрығым: ханзадаларды сынап, үшеуінің қайсысы менің орныма лайықты екенін айтындар.

Патшаның ақылшылары мен ақсүйек мырзалары көп ойланып, толғанып, ақырында ханзадаларды қалай сынадын әдісін табады. Олар патшаның балаларына бірдей етіп ақша бөліп беріп, бөтен елге жөнелтпек болады. Кімде-кім ақшасын орынды жұмсаса, сол өкесінің тагына отыруға лайықты дейді. Патша бұл шешімге келіседі.

Сонымен, бірнеше күннен соң ханзадалар алыс сапарға шығады. Олар кемеге отырып, жүзіп кетеді. Ұзак жүзіп, құрлыққа жеткенде жағаға түсіп, әрқайсысы әр жакқа кетеді және бір жылдан соң сол жерде кездеспек болып келіседі.

Ағайынды үлкен екеуі саудамен шұғылдануды ойлады. Қебірек ақша тауып, баю үшін екеуі екі жаққа кетеді. Ал ең кіші ханзада не істерін білмей, жайлап теніз бойымен жүре береді. Жан-жагына қарап ұзак жүреді, бір кезде ханзада тасқа отырып алып, үй-ішін ойлап, сарыуайымға түседі. Бір мезетте үстіне сопы күйін киген қарт адамның алдында тұрганын көреді.

– Қайдан келдін, жігітім, қайда бара жатырсын? – дей сұрайды қарт.

Ханзада бұл жаққа қалай келгенін айтып береді. Соны тыңдал болып:

– Балам, саған лайықты бір істің барын білемін, бірақ ол әркімнің қолынан келе бермейді. Ол іспен айналысу үшін ақша құмар болмау керек. Егер пайдакүнемдіктің сонына түспесен, кейін қалағанының бәрін аласын, – дейді.

– Мен сіздің айтқаныңыздың бәрін бұлжытпай орындаимын, – дейді ханзада.

– Жарайды. Олай болса, бар ақшана бидай сатып ал

да, теңіздің жағасына үйгіз. Содан соң күнде таңертеңгісін және кешке үйіндіден бір-бір қап бидайды алып, теңізге төк. Бидайың бітсе де, бұл жерден кетпе.

Осылай дейді де, карт жоқ болып кетеді. Қарттың айтқан ақылын тыңдал, ханзада бар ақшасына бидай сатып алады да, теңіздің жиегіне үйіп, жанына өзіне шатыр тігеді. Күн сайын бидайды екі қаптан суға төге береді, ал өзі бидайдың бір уысын талышқ етеді. Күннен-күнге үйілген бидай азая береді. Бір күні бидай біtedі, өзіне талышқ ететін бір уыс бидай сатып алуға бақыр ақшасы да жоқ.

Ханзада жағада отырып: «Ой, ақымақ басым-ай! Үйден неге гана кеттім еken. Біреудің өтірік сөзіне сеніп, бар ақшамнан айрылдым. Өз басыма жақсылық жасай алмасам, маған патша болу қайда», – деп қайғырады. Бұл жерден енді кетуім керек дейді. Ханзада ертенгісін кейін қайтуды ойлап, жатып қалады.

Сол күні теңіз балықтары күнде жеп жүрген жемін бекер күткен еді. Ханзаданың суға тастаған бидайның қызығын бір үйір балық көріп жүрген-ді. Нак сол күні балықтардың патшасы да жүзіп келген еken. Бірақ күндеңгідей жем болмайды. Сонда балық патшасы балықтардан:

– Бұл қалай? Жарты жылдай бізді жемге тойғызып еді. Не себепті бүгін жем төкпеді? Осының бәріне өзіміз кінәлі емес пе екенбіз? Айтындаршы, бізді осы уақытқа дейін тамақтандырып жүрген адамның қайырымдылығының қарымын қайтардындар ма? Қандай да болмасын сыйлық бердіндер меге? – деп сұрайды.

– Жоқ, әміршім! – деп бағыныштылары жарыса жауап береді. – Біз ешқандай да сыйлық берген жоқпыз!

– Не болғаның енді түсіндім, – дейді балық патшасы. – Біз жақсылықты білмегеніміз үшін сазайымызды тарттық. Қатемізді түзеуіміз керек. Менің сендерге берер бүйрығым: барлық бағыныштыларым су астынан қымбат асыл тастарды тауып, таңертеңнен қалдырмай мейірімді қамқоршымызға шығарып берсін.

Тұні бойы балықтар әміршісінің бүйрығы бойынша теңіз түбінен асыл тастарды шығарып, ханзаданың шатырының жанына үйіп тастайды. Тұнімен асыл тас тасыған

балықтың көптігінен теңіз беті жыпрылап кетеді. Теңіз шолпылынан таңға жақын оянған ханзада шатырының жаңында үйліп жатқан гажап асыл тастарды көреді. Бұл байлықтың қайдан пайда болғанын ол бірден түсініп: «Мен өзімді бекер бақытсыз санаптын. Агаларымның келетін мезгілін тосып, осы жерде жата берейін» деп ойлады.

Асыл тастарының біразын сатып, одан түскен ақшага тағы да бидай алады. Енді теңіз балықтары жемді бұрынғыдан да мол алатын болды. Бұдан кейін ханзада тезек сатып алыш, әрбір тезектің ішіне бір-бір асыл тастаң тығады.

Жыл өтіп, агалары да келеді. Бір агасы жыл бойы мата сатып, көп пайда тауыпты. Екіншісі азық-тұлік дүкенін үстап, көп ақша түсірген. Олар інісінің үйлген тезектен басқа еш нәрсесінің жоғын байқап, мазақтап күледі.

– Ой, ақылсыз-ай! Берген ақшаны текке құртқан екенсін! Бар байлығын осы тезек пе? – дейді оған.

Ханзадалар жиган-терген байлықтарын кемеге тиеп, үйлеріне қайтады. Інісінің тезектерін қорғаштап, кемеге тиегенін көріп, агалары күлкіге қарық болады. Жолда кеменің отыны бітіп, тамақ істелмей қалады. Сол кездे агалары інісін келемеждеп, әкеле жатқан тезегінен сұрайды. Кіші ханзада үн-түнсіз тезектің ішіндегі асыл тастарды ептеп сұрып алыш, тезегінен жағуға береді.

Ханзадаларды үй-іші куана қарсы алыш, әкесінің сарайына алыш келеді. Келгеннен кейін олар өздерінің шет жерде қалай тұрғандарын, қалай ақшаларын үнемдеп жұмсауга тырысқандарын әнгімелеп айта бастайды. Агалары жиган-терген мұліктерін көрсетеді, патшаның ақылшы әкесүйектері мен төрелері олардың әкелген қаржыларын санап та үлгереді. Кезек інісіне келеді. Малай-пар жапаны үй ішіне әкеліп үйгенде, ханның қызметкерлері мырс-мырс күледі.

– Бір көргеннен көз тартып жылтырағанның бәрі алтын емес. Дүниеде бірден көзге түспейтін баға жетпес байлықтар да болады, – дейді сонда кіші ханзада.

Осылай деп ол жапаларды бөліп, ішінен асыл тастарын шығара бастайды. Патшаның алдында үйліп қалған асыл тастарды көрген қызметкерлер көпке дейін естері шығып, танданумен болады.

Бұл байлықты қалай тапқанын ханзада әңгімелеп айтып бергенде, кіші ханзаданың тек ақылды ғана емес, тапқыр екендігі де айқын болады.

— Пан, пан! — деп мырзалар қолпаштап жатыр. — Міне, бізге керегі осында патша!

Бірнеше күннен кейін кіші ханзаданы кошаметпен таққа отырғызды. Ол агаларына кек сақтамай, екеуін де жоғары қызметке тағайындейді. Содан былай мемлекетіндегілер тату-тәтті өмір сүрсе керек.

АҚЫМАҚ БРАХМАН¹

Бір брахманның ұрысқақ әйелі болыпты. Қашан көрсөң де біреумен ұрсысып жатқаны. Әйтсе де үй-ішін тап-түйнектай қып ұстайды екен. Ал брахманың өзі сондай жалқау адам болыпты, сонысына кара-май тәтті-дәмді тамақтанғанды жақсы көреді екен.

Бір күні брахман үйіне келсе, әйелі бидай тазалап отыр екен. Ол жатып ашуланып:

— Сенің бұның қалай, күні бойы бидай тазалаумен отырсың ба? Тамақ та дайындағансың ғой? Ал менің қарным аш! Тәтті тоқаш пісірем дегенің қайда! Қашанғы күтүге болады! — дейді.

Әйелі де қатты ашуланып, сыпыргышты ала салып, брахманга қарай сілтеп:

— Иә, осы сен үшін қазір пісіре қоярмын! Үйде тышқан кемірер ештеңе жоқ, бақыр тының болмай тұрып, тәтті тоқаш жегің келеді, ә! Көрдің бе, мұның мырзасынуын! Жоғалт көзінді, әйтпесе көресінді көрсетермін! — дейді.

Брахман әйелінің ұрысқанына шыдай алмай ренжіп, үйінен кетпек болады. Осы да өмір ме деп ойлап, ақыры кетіп тынады. Бір диуана өзін шәкірт етіп алғанша бет-алды қанғып жүреді.

Брахман көпті көрген дана қарттан тәлім алып, ғылымның әр саласынан үйреніп тұра береді. Бір күні үй-іші есіне түсіп, қайтқысы келеді. Кітаптарын қолты-

¹ Үндістандағы жоғары кастаның мұшесі.

гына қысып, аса таяғын ала салып, ешкімге ештеңе демей, үйіне кете береді.

Брахман үйіне жақындалап келгенде, өйелінің тәтті тоқаш пісіріп жатқанын сезеді. Ол есік сыртынан тыңдалап тұрып, өйелінің ыстық майға қанша тоқаш тастағанын санай бастайды. Барлығы жиырма бір тоқаш болып шыгады. Әйелі тоқашын пісіріп болып, қолын жуа бастаған кезде, брахман сырттан дауыстал:

– Бәйбіше, үйдесің бе? Мен қайтып келдім, – дейді.

Үйіне кіріп, көрген-білгенін әйеліне айта бастайды.

– Мен ғылымның көп саласын оқып-үйрендім.

Әйелі оған сенбейді:

– Ғылым сенің не теңің? Бекер сөйлеме! Жарайды, корықпай-ак қой, тимеймін. Осы уақытқа дейін қайда қанғып жүрдін? – дейді.

– Байқаймын, сен сол бұрынғыдай мені адам демейсің-ау. Ал мен болсам көп нәрсені үйрендім. Мәселең, сенің бүгін тоқаш пісіретінінді құні бұрын білдім, әуелі қанша тоқаш пісірғенің де маган аян. Айтайын ба – дәл жиырма бір тоқаш пісірдін.

Әйелі таң-тамаша болады, ал брахман:

– Бұл ештеңе емес. Мен одан да зорын білемін. Үндістанның қай жерінде кімдердің қашан тоқаш пісіретініне дейін айта аламын, – деп соғады.

Мұны естіген әйелі шынында күйеуім үлкен дана болып қайтқан екен деп ойлады. Оны қадірлеп, алдына тағам қойып, өзі күйеуінің қандай дана болып келгендігін көршілеріне айтуға асығып шығып кетеді. Бұдан былайғы кезде біреулердің үйіне үры-кары түссе, немесе қорадағы малы жогалса, ол бірден тауып береді деп мақтанады.

Ауылдың бар халқы брахманды көруге жиналады. Олардың келгені брахманға ете жақсы болады. Ол мангазданып, пальманың жапырағынан жасалған кітабын ашип, бірденелерді түсіндіре бастайды, бірақ ешкім оны түсінбейді. Түсінбеген сайын, оның даналығына халықтын сенімі арта түседі.

Содан брахманның данқы елге жайылып, бұдан былай қамсыз өмір сүре бастайды. Ол ауруларды емдеп, жын-шайтандарды аластайтын болады. Бір құні кір жуушы Мотидың есегі жогалып кетеді. Моти ауыл-аймақты

түгел шарлап, есегін таба алмайды. Содан соң брахманға келіп:

– Құрметті данышпаным, есегімнің қайда екенін айттышы! Айтпайынша, ешқайда кетпеймін, – дейді.

«Құрып қалғыр-ай! Өтірігім ашылып қалмаса жарап еді» деп ойлайды брахман.

– Қазір қолым тимейді. Қолым босаған соң, сенің ісіңмен айналысамын. Жер құдайы – құдай-ана Бхаваниға сыйынып алайын. Содан кейін барып айтамын. Оған дейін есік алдында отыра тұр. Кетіп қалып жүрме, әйтпесе бөрін бұлдіресін.

– Қайда кетпекпін, құрметті данышпаным?! Бар сенгенім сен ғанасын.

Брахман үйіне келіп:

– Енді не істеуім керек? Кәне, шатырымды әкеlei берші! – дейді.

Әйелі оған шатырын әкеlei береді. Брахман күннің күйіп тұрганына қарамастан, тал түсте үйінен шығып кетіп, төңіректі түгел шарлап, орман-тогайды аралап, кір жуушының есегін әбден іздейді. Ақыры шаршап ашуланып келіп, кір жуушыға:

– Мәселе былай: әйел құдай – Бхавани қатты ашұлы. Сондықтан сен менің мазамды алма. Үйіне қайт, ертең есегің табылады, – дейді.

Кір жуушы әйел құдайдың ашулы екенін естіп, онымен сөз таластырмай-ақ үйіне қайтады. Ал брахман түнімен үйқтамай, не істесем екен, қалай тауып берсем екен деп ойланумен болады, қасында қорылдап жатқан әйеліне ызысы да келеді. Бір мезетте үйдің жанынан тасыр-тұсыр естіледі. Брахман ұшып тұрып, әйелін жұлқылап:

– Тындаши, тысырлаған немене? – дейді.

– Ұры емес пе екен? – деп әйелі абыржиды.

Брахман ұрыдан жаман корқатын-ды. Қорықанынан тығылып қалмақ болады. Әйелі батыл еді.

– Сені де брахман дейді-ау! Кәне, жүр! Мен жарық қылайын, сен ұрыны ұстап ал! – дейді.

Қорқыныштан брахманның тынысы тарылады, бірақ бармауга амалы жоқ. Қасиетті таспигын ұстап, катты дауыстап дүғасын оқып, өзін-өзі күштеп сыртқа шыкса, бірдене қарайып тұр. Артына қарай шегіншектеген брах-

манды әйелі алға итеріп жібереді. Сол кезде брахман түп-тура ұрының үстінен түседі. Брахман ұрыны үстай алып, жықпақшы болады, бірақ қорықанынан қалтырап шамасы келмейді. Соның арасынша әйелі де келіп:

– Е-е, бұл ұры емес қой. Әлгі кір жуушының жоғалған есегі ғой, – дейді.

Брахман есекпен айқасып жүргенде, есектің жүгені мойнына оралып қалады. Брахманның есі шыққаны соншалық, тіпті біреу өзін тұншықтырғандай бар даусымен айқайсалады. Айқайлаган дауысқа көршілері жиналады. Брахман етеп есін жияды. Әйелі де оны лездे үйіне кіргізіп жіберіп, көршілеріне:

– Данышпаным есекті дуалап, осында келтірем деп түні бойы дүгасын оқып шықты. Байғустың шаршаганы соншалық, тіпті есінен танып құлады, – дейді.

Көршілері кеткеннен кейін, әйелі есекті есік алдына әкеп байлайды. Содан кейін брахманның басын маймен ысықтай бастайды. Ал ол әлі ұрымен айқасып жүрмін деп ойлайды. Брахманның есі өрен кіріп, ақыры кір жуушыны шақыртады. Келген кір жуушы есегін кіріп, қуанып кетеді.

Осыдан кейін брахманның данқы одан сайын арта түседі. Данқы патшаның құлагына жетеді. Дәл осы кезде патша қызының қымбат асыл алқасы жоғалған еді. Іздеп-іздеп таба алмаган екен. Тіпті ен әйгілі жұлдыз санаушы көріпкелдер де көмектесе алмапты.

Бір күні брахман есігінің алдында тұрған қарулы әскерді көреді. Олар бұған құрметпен бас ііп, патша сарайына келіп, қызымның алқасын тауып берсін деген патша жарлығын жеткізеді. Брахман қорқып кетеді. Есекті тауып беру онайга түскен еді, ал бұл жолы өйтіп күтыла қоймас.

Қорқыныштан дірілдеген брахман патша жіберген үсті жабық зембілге отырып, патшаның сарайына келеді. Қөп сөзге келмей-ақ патша оған алқаны тап деп бүйрек береді. Брахман ұрыны тапса, қөп сыйлық алады, таппаса тұрмеге қамалады.

Патшаның осындағы бүйрекін естіген кезде брахманның есі шығып кетеді. Мұндай жағдайда сыйлықты ойлау қайда, тек аман-есен құтылуы керек қой. Ол есін жишип, аз-кем батылданып, патшага: